

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2017 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы (бұдан әрі - ҚРҰБ) БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі - ЗА) 6 841,44 млрд. теңгені құрады¹.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	01.01.2017 жылға ағымдағы құны	01.01.2017 жылға үлесі	01.04.2017 жылға ағымдағы құны	01.04.2017 жылға үлесі	Млрд.теңге
					Жыл басынан өсімі/түсімі, %
ҚР МБҚ	2 910,82	43,57%	2 817,40	41,18%	-3,21%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	365,01	5,46%	605,07	8,85%	65,77%
ХҚҰ	86,63	1,30%	86,70	1,27%	0,08%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	84,03	1,26%	82,47	1,21%	-1,87%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	900,17	13,48%	899,12	13,14%	-0,12%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 450,20	21,71%	1 410,79	20,62%	-2,72%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	137,92	2,07%	132,83	1,94%	-3,69%
PPN (құрылымдық ноталар)	31,64	0,47%	31,04	0,45%	-1,90%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	127,46	1,91%	142,32	2,08%	11,66%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	18,33	0,27%	17,91	0,26%	-2,24%
Депозиттер	399,91	5,99%	342,14	5,00%	-14,45%
Шетелдік банктердегі депозиттер	-	-	221,08	3,23%	-
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражаттар	151,84	2,27%	40,38	0,59%	-73,41%
Басқа активтер (дебиторлық берешек ² , мерзімі өткен берешек, провизиялар)	16,18	0,24%	12,19	0,18%	-24,68%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	6 680,14	100,00%	6 841,44	100,00%	2,41%
Зейнетақы жарналары және төлемдері шоттарындағы ақшалар	9,52		1,68		
Зейнетақы активтерінің жиыны	6 689,66		6 843,12		2,29%

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған табыстылық (ҮТМ) 01.04.2017 жылғы жағдай бойынша жылына 7,9% құрады.

¹ Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшалар есебінен.

² Дебиторлық берешекке қаржы құралдары шығарылымы проспектісінің талаптарына сәйкес Эмитент тарапынан берешекті өтеу күні келіп жеткен сыйақы және/немесе негізгі борыш бойынша алынатын сома енеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың ағымдағы құны жыл басынан бері 170,25 млрд. теңгеге кеміді және 2 817,40 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 41,18% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 10,6% құрайтын 954,93 млрд.теңге көлемінде ҚРҰБ қысқамерзімді дисконтты ноттары сатып алынған болатын. Орташа алынған кірістілігі жылына 10,5% құрайтын 107,93 млрд.теңге көлемінде ҚРҰБ қысқамерзімді дисконтты ноттары сатып алынған болатын.

Есепті күнге 996,05 млрд.теңге сомасына ҚРҰБ дисконтты ноттары өтелді, сондай-ақ 28,24 млрд. теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің қағаздары өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,6% құрады.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есепті айға шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 244,38 млрд. теңгеге артты және 605,07 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 8,85% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілік жылына 0,7% құрайтын 322,77 млрд.теңге көлемінде АҚШ Қазынашылығының қысқа мерзімді облигациялары сатып алынды.

Есепті күнге 78,93 млрд.теңге көлемінде АҚШ Қазынашылығының қысқамерзімді облигациялары өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 1,7% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының ағымдағы құны 10 млн. теңгеге артты және 86,70 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,27% құрады.

Есепті кезеңде Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын сатып алулар, сатулар және өтеулер болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,3% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Есепті айда ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны 30,86 млрд. теңгеге азайды және 342,14 млрд. теңгені құрады. Портфелдегі олардың үлесі 5,00% құрады.

Есепті кезеңде 22,64 млрд.теңге сомасына БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР ЕДБ салымдарының негізгі борышы өтелді. ҚР ЕДБ салымдары орналастырылған жоқ.

Есепті кезеңде ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,9% құрады.

Шетелдік банктердегі депозиттер

2017 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша шетелдік банктердегі салымдардың ағымдағы құны 221,08 млрд.теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 3,23% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік банктердегі салымдарды өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 1,2% құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 0,73 млрд. теңгеге азайды және 82,47 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,21% құрады.

Қаралып отырған кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде сатып алулар және сатулар болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 11,2 % құрады.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 5,55 млрд. теңгеге азайды және 899,12 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 13,14% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларын сатып алулар, сатулар және өтеулер болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,4% құрады.

Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есепті айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 8,69 млрд.теңгеге артты және 1 410,79 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 20,62% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде ҚР ЕДБ облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде ҚР ЕДБ облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 9,7% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 0,27 млрд. теңгеге артты және 132,83 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,94% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде шетелдік эмитенттердің облигацияларын сатып алу, сату және өтеу болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,2% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 31,04 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,45% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфельінде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатып алулар, сатулар және өтеулер болған жоқ.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 4,49 млрд. теңгеге артты және 142,32 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,08 % құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алу және сату болған жоқ.

Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 17,91 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 0,26% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алу және сату болған жоқ.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Валюта	01.01.2017 жылға ағымдағы құны	01.01.2017 жылға үлесі	01.04.2017 жылға ағымдағы құны	01.04.2017 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу, %
Ұлттық валюта	5 142,38	76,98%	4 996,00	73,03%	-2,85%
АҚШ доллары	1 492,44	22,34%	1 798,82	26,29%	20,53%
Ресей рублі	35,12	0,53%	36,37	0,53%	3,58%
Басқа валюталар	10,20	0,15%	10,25	0,15%	0,49%
Жиыны:	6 680,14	100,00%	6 841,44	100,00%	2,41%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалығы салдарынан, сонымен қатар қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2017 жылғы 3 айда есептелген инвестициялық табыс көлемі 58,21 млрд. теңгені құрады. Осылайша, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы 31 наурыз кезеңі үшін 0,76% құрады.

Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық табыс құрылымы

Атауы	2017 жыл басынан бері инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыстар	128,66
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан табыстар (шығындар)	16,70
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыстар (шығындар)	-83,97
Басқа табыстар (шығындар)	-3,18
Жиыны:	58,21

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үйлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді³. Валюталық позициялар үлесі ұйғарынды деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық

³ БЖЗҚ инвестициялық декларациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 86 қаулысымен бекітілген

декларациясының талаптарын бұзбайды, 01.04.2017 жылғы жағдай бойынша деректер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА инвестициялау лимиттері

№ р/р	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Шетелдік эмитенттер:	14,92%	иә
1.1	мемлекеттік, агенттік және халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздары:	10,11%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	8,08%	иә
2)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	2,03%	иә
1.2	Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	0,86%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	0,09%	иә
2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,77%	иә
1.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) пен активтерге (ABS) салынған бағалы қағаздар	0,00%	иә
1.4	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	0,26%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	3,23%	иә
1.6	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,45%	иә
1.7	Ислам қаржыландыру құралдары:	0,00%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	0,00%	иә
2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,00%	иә
2	Қазақстандық эмитенттер:	82,08%	иә
2.1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	41,18%	иә
			иә
2.2	Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	41,18%	иә
2.3	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары	26,44%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,09%	иә

2.5	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің бірінші санатына кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,18%	иә
2.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,06%	иә

5-кесте. Қаржы құралдарының жекелеген түрлеріне БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау лимиттері

№ р/р	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Стандартты туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1)	егер туынды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеуге пайдаланылса	0,00%	иә
2	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00%	иә